

ҒЫЛЫМИ ЖЕТЕКШІНІҢ

ПІКІРІ

ДИПЛОМДЫҚ ЖҰМЫСҚА

Казбекова Гулнур Таубай кизи
5B075200 – Инженерлік жүйелер мен желілер
(шифр және мамандық атауы)

тақырыбы: «Шымкент қаласындағы ауданының жылу желісін қайта
жаңарту»

Satbayev University "Инженерлік жүйелер және желілер" кафедрасында дипломдық жұмыс орындалды. Бұл жұмыс тапсырмаға сәйкес орындалды және үш тараудан, кіріспеден және қорытындыдан тұрады. Дипломдық жобаның негізгі мақсаты Шымкент қаласындағы Абай ауданының орталықтандырылған жылу жүйесін қайта құру болып табылады. Дипломдық жобаның негізгі бөлігінде есептеулер құрылыс нормалары мен ережелеріне сәйкес,

Студент г. Казбекова жылу желісін қайта құруға қатысты барлық мәселелерді жоғары деңгейде зерттеді, әдеби көздерден алынған мәліметтерді түсінді, сонымен қатар жер жұмыстарын орындау кезіндегі қауіпсіздік мәселелерін қарастырды және жобаның сметалық құжаттамасын жасады. Жобалық тапсырма толық және белгіленген мерзімде орындалды.

Жұмысты орындау барысында студент г. Казбекова еңбексүйгіштік, дербестік және орындаушылық қабілеттерін көрсетті, графикалық және мәтіндік материалдарды дайындау кезінде кәсіби пәндер мен жауапкершілік бойынша жақсы білімдерін көрсетті.

Дипломдық жұмыс жоғары техникалық деңгейде орындалды және өте жақсы бағаланады, 92 балл, ал студент Казбекова г.5B075200 – Инженерлік жүйелер мен желілер мамандығы бойынша бакалавр біліктілігін алуға лайық.

Ғылыми жетекшісі

ассоц. профессор PhD

(должность, уч. ступень, звание)

Бегимбетова А.С.

«4» маусым 2021 ж.



Протокол анализа Отчета подобию Научным руководителем

Заявляю, что я ознакомился(-ась) с Полным отчетом подобию, который был сгенерирован Системой выявления и предотвращения плагиата в отношении работы:

Автор: Казбекова Гулнур

Название: Шымкент қаласындағы ауданның жылу желісін қайта құру .docx

Координатор: Куляш Алимова

Коэффициент подобию 1:3.4

Коэффициент подобию 2:1.3

Замена букв:23

Интервалы:0

Микропробелы:90

Белые знаки: 21


После анализа Отчета подобию констатирую следующее:

- ☐ обнаруженные в работе заимствования являются добросовестными и не обладают признаками плагиата. В связи с чем, признаю работу самостоятельной и допускаю ее к защите;
- ☐ обнаруженные в работе заимствования не обладают признаками плагиата, но их чрезмерное количество вызывает сомнения в отношении ценности работы по существу и отсутствием самостоятельности ее автора. В связи с чем, работа должна быть вновь отредактирована с целью ограничения заимствований;
- ☐ обнаруженные в работе заимствования являются недобросовестными и обладают признаками плагиата, или в ней содержатся преднамеренные искажения текста, указывающие на попытки сокрытия недобросовестных заимствований. В связи с чем, не допускаю работу к защите.

Обоснование:

25 05 2021

Дата



Подпись Научного руководителя

Протокол анализа Отчета подобия

заведующего кафедрой / начальника структурного подразделения

Заведующий кафедрой / начальник структурного подразделения заявляет, что ознакомился(-ась) с Полным отчетом подобия, который был сгенерирован Системой выявления и предотвращения плагиата в отношении работы:

Автор: Казбекова Гулнур

Название: Шымкент қаласындағы ауданның жылу желісін қайта құру .docx

Координатор: Куляш Алимова

Коэффициент подобия 1:3.4

Коэффициент подобия 2:1.3

Замена букв:23

Интервалы:0

Микропробелы:90

Белые знаки:21

После анализа отчета подобия заведующий кафедрой / начальник структурного подразделения констатирует следующее:

- ☒ обнаруженные в работе заимствования являются добросовестными и не обладают признаками плагиата. В связи с чем, работа признается самостоятельной и допускается к защите;
- ☐ обнаруженные в работе заимствования не обладают признаками плагиата, но их чрезмерное количество вызывает сомнения в отношении ценности работы по существу и отсутствием самостоятельности ее автора. В связи с чем, работа должна быть вновь отредактирована с целью ограничения заимствований;
- ☐ обнаруженные в работе заимствования являются недобросовестными и обладают признаками плагиата, или в ней содержатся преднамеренные искажения текста, указывающие на попытки сокрытия недобросовестных заимствований. В связи с чем, работа не допускается к защите.

Обоснование:

Допущено к защите

Гулнур

Дата

Подпись заведующего кафедрой /


начальника структурного подразделения

Окончательное решение в отношении допуска к защите, включая обоснование:

Допускно к защите

25.05.2015.

Дата



Подпись заведующего кафедрой /

начальника структурного подразделения

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

Т.Қ. Бәсенов атындағы сәулет және құрылыс институты

Инженерлік жүйелер және желілер кафедрасы

Казбекова Гулнур Таубай кизи

«Шымкент қаласындағы ауданының жылу желісін қайта жаңарту»

Дипломдық жобаға
ТҮСІНІКТЕМЕЛІК ЖАЗБА

5B075200 – «Инженерлік жүйелер және желілер»

Алматы 2021

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ


Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

Т.Қ. Бәсенов атындағы Сәулет және құрылыс институты

Инженерлік жүйелер және желілер кафедрасы

ҚОРҒАУҒА ЖІБЕРІЛДІ

ИЖж/еЖ кафедра меңгерушісі
техн. ғыл. канд., ассоц. проф.

 К.К.Алимова
«31» 05 2021 ж

Дипломдық жобаға
ТҮСІНІКТЕМЕЛІК ЖАЗБА

Тақырыбы: «Шымкент қаласындағы ауданының жылу желісін қайта жаңарту»


Мамандығы 5B075200 – Инженерлік жүйелер және желілер

Орындаған

Г.Т. Казбекова

Жетекші

PhD, ассис. проф.

 А.С.Бегимбетова .

Алматы 2021

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті


Т.Қ.Бәсенов атындағы Сәулет және құрылыс институты

Инженерлік жүйелер және желілер кафедрасы

5B075200 – Инженерлік жүйелер және желілер

БЕКІТЕМІН

ИЖж/өж кафедра меңгерушісі
техн.ғыл.канд., ассоц.проф.

 К.Алимова
«31» 05 2021 ж.

Дипломдық жобаны орындауға арналған
ТАПСЫРМА

Білім алушы Казбекова Гулнур Таубаи кизи

Тақырыбы: «Шымкент қаласындағы ауданының жылу желісін қайта жаңарту.»

Университет Ректорының 2020 жылғы «24» қараша №2131-б бұйрығымен бекітілген

Аяқталған жобаны тапсыру мерзімі 2021 жылғы «30» сәуір

Дипломдық жобаның (жұмыстың) бастапқы деректері: Шымкент қаласындағы ауданының жылу желісін қайта жаңарту $m=279$ адам/га; қаланың климатологиялық деректері t_0' = минус 14 град; $t_{0m}=2,1$ град; $n_0=136$ тәулік; жылу көзі ЖЭО; ашық жылумен қамту жүйесі

Дипломдық жобада қарастырылатын мәселелер тізімі

а) Негізгі (технологиялық) бөлім

б) Құрылыс жинақтау жұмыстарының технологиясы;

в) Экономика бөлімі.

Сызба материалдар тізімі (міндетті сызбалар дәл көрсетілуі тиіс)



а) Шымкент қаласындағы Абай ауданының бас жобасы; б) Жылу желілерінің есепті сұлбалары; в) Жылу желісінің пьезометрлік графигі; г) Жылу желілерінің монтаждық сұлбасы; д) Жылу желілерінің көлденең профилі.

Ұсынылатын негізгі әдебиет 10 атаудан

**Дипломдық жобаны дайындау
КЕСТЕСІ**

Бөлімдер атауы, қарастырылатын мәселелер тізімі	Жетекші мен кеңесшілерге көрсету мерзімдері	Ескерту
Негізгі (технологиялық) бөлім	16.03.21 ж.- 13.04.21 ж.	
Құрылыс жинақтау жұмыстарының технологиясы	13.04.21 ж.- 27.04.21 ж.	
Экономика бөлімі	27.04.21 ж.- 09.05.21 ж.	


Дипломдық жоба бөлімдерінің кеңесшілері мен
норма бақылаушының аяқталған жобаға қойған
қолтаңбалары

Бөлімдер атауы	Кеңесшілер, аты, әкесінің аты, тегі (ғылыми дәрежесі, атағы)	Қол қойылған күн	Қолы
Құрылыс жинақтау жұмыстарының технологиясы	К. К. Алимова техн.ғыл.канд., ассоц. профессор	13.04.21	
Экономика бөлімі	А.С. Бегимбетова PhD, ассис. проф	09.05.21	
Норма бақылау	А. Хойшиев техн.ғыл.канд., ассоц.проф	31.05.21	

Жетекші

Тапсырманы орындауға алған білім алушы

Күні

 А. С. Бегимбетова
 Г. Т. Казбекова

“ 09 ” 05 2021 ж.

АНДАТПА

Дипломдық жобаның негізгі мақсаты Шымкент қаласындағы Абай ауданының орталықтандырылған жылу жүйесін қайта құру болып табылады. Дипломдық жобаның негізгі бөлігінде есептеулер құрылыс нормалары мен ережелеріне сәйкес, Шымкент қаласындағы Климаттық көрсеткіштер мен тұрғын үйлерді орналастыруды қиындатпай және жылумен жабдықтау жүйелерінің түрлерін анықтай отырып, аудандағы жылу желілерін қайта күрделенбеуін ескеріп жүргізілді. Сонымен қатар, құрылыстың бас жоспары жүргізіліп, жұмысшылардың қозғалыс кестесі жасалды, күнтізбелік жоспар жасалды, жылумен жабдықтау жүйелері үшін жылу оқшаулағыш материалдардың шығыны заманауи оңтайлы бағамен есептелді. Жылу оқшаулағыш материалдардың локальді және Объектілік сметалары жасалып, есептелді.

АННОТАЦИЯ

Цель дипломного проекта – проектирование и реконструкция существующей системы теплоснабжения Абайского района города, Шымкент Южно-Казахстанской области. В основной части дипломного проекта приведены описания и выбор систем теплоснабжения. С учетом климатических параметров выбрано место расположение источника теплоты, учитывая сложность реконструкция систем теплоснабжения расчеты выполнены с учетом требований СНиП. Кроме того выполнены работы по организации проекта производства работ на прокладку тепловой сети. Разработан строительный генплан, составлены график движения рабочих и календарный план, а также с учетом современных требований и расценок определены оптимальные финансовые расходы на применение изоляционных материалов.

ABSTRACT

The purpose of the diploma project is the design and reconstruction of the existing heat supply system of the Abay district of the city, Shymkent, South Kazakhstan region. In the main part of the graduation project are descriptions and selection of heating systems. Taking into account the climatic parameters, the location of the heat source was chosen, taking into account the complexity of the reconstruction of heat supply systems, the calculations were made taking into account the requirements of SNiP. In addition, work was carried out on the organization of the project for the production of works on the laying of a heat network. A construction master plan was drawn up, a working schedule and a schedule were drawn up, and, taking into account modern requirements and pricing, the optimal financial costs for the use of insulation materials were determined.

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ	7
1 Негізгі бөлім	8
1.1 Жобаланатын қаланың сипаттамасы	8
1.2 Есептік жылу жүктемелерін анықтау	9
1.3 Жылдық жылу шығыны	10
1.4 Жылу жіберуді реттеу есебі	12
1.5 Жылу жүйесіндегі есепті су шығындары	13
1.6 Жылу желілерінің гидравликалық есептері	15
2 Құрылыс жинақтау жұмыстарының технологиясы	17
2.1 Құрылыс объектісінің сипаттамасы	17
2.2 Құрылыс – жинақтау жұмыстарының көлемінің тізімдемесі	17
2.3 Құрылыс жинақтау жұмыстары	19
2.4 Құрылыс жұмыстарының технологиясын таңдау	20
2.5 Құрылыстағы жұмыстар өндірісінің және жұмысшылар қозғалысының күнтізбелік графигі	23
2.6 Жинақтау жұмыстарын істеу барысындағы еңбек қорғау және техника қауіпсіздік шаралары	24
3 Экономика бөлімі	25
3.1 Техничко – экономикалық есептемелері	25
3.2 Капиталды қаржыландыру есептеулері	25
3.3 Пайдалану шығындарды есептеу жұмыстары	26
ҚОРЫТЫНДЫ	28
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ	29
ҚОСЫМШАЛАР	

КІРІСПЕ

Дипломдық жұмыстың тақырыбы « Шымкент қаласындағы ауданның жылу желісін қайта құру». Біздің басты мақсат Дипломдық жұмысымызда Шымкент қаласындағы Абай ауданының тұрғындарын орталықтандырылған жылумен жабдықтау. Жылумен жабдықталған желілердің диаметрін анықтай отырып сұлбасын құрамыз және жобаланған жылу тораптарын есептейміз. Дипломдық жобада қоғамдық ғимараттардың желдету жүйелеріне қажетті су шығындары табылған. Жылумен қамту жүйесінің жылу көзі ретінде жылу электр орталығы және қазандық болады, осыған байланысты жылу энергиясын өндірудің араластырылған және бөлек тәсілдерін айырады. Егер жылумен қамту ЖЭО-нан болса, жылу мен электр энергиялары араластырылған тәсілімен өндіріледі, ал жылумен қамту орталықтандырылған болып саналад. Жылу тораптарының жылу өндіргіш көзінен соңғы тұтынушыларға дейін ұзындығы 6876 метрді құрайды, ал бас магистраль ең үлкен диаметрі 1200мм-ге жетеді.

Шымкент қаласын Абай ауданының барлық тұтынушыларын жылумен қамту үшін бас магистральдан қосымша тарамдар қарастырылады. Жылумен қамту жүйесі ашық. Қалалық жылумен жабдықтау жүйелерінің қазіргі заманғы жылу желілері күрделі инженерлік құрылыстар болып табылады, олардың құрамына: реттеуші және қауіпсіздік жабдықтарын ажырататын компенсаторлар, сорғы станциялары, аудандық жылу пункттері және жылу пункттері кіреді.

1 Негізгі бөлім

1.1 Жобаланатын қаланың сипаттамасы

Шымкент қаласы Оңтүстік Қазақстанның ең ірі өңірлерінің бірі болып келеді. Қала ауданында тұрғылықты адам саны 322911 (1 қазан 2019). Қазақстанның халық санымен салыстырғанда тұрғындар орны бойынша 3-ші орында тұрады. Шымкент қаласы инфрақұрылымды болып, өнеркәсіп және экономикасы жақсы дамыған орталықтардың бірі болып саналады. Шымкент түркінің "Шым" және иранның "Кент" - қала, мекен деген сөздерінен құралған. 2017 жылдан бастап Шымкент қаласында 3 ЖЭО жұмыс істейді. Жалпы жер аумағы 49704. Жоспарланған қала үшін жылу беру кезеңі үшін сыртқы ауаның климаттық параметрлері ҚР сәйкес қабылданады:

- халық тығыздығы 279 адам/га.
- ең суық бес күндік аптаның ауа температурасы $t = \text{минус } 14,3^{\circ}\text{C}$;
- жылытылатын маусымы кезіндегі сыртқы ауаның орташа температурасы $t_{om} = 2,1^{\circ}\text{C}$;
- жылыту кезеңінің ұзақтығы = 136 күн;

1.1 Есептік жылу жүктемелерін анықтау

Қаланың тұрғын аудандары үшін жылыту желдету және ыстық сумен, мекендердің жалпы санына байланысты жиынтық көрсеткіштермен анықталады. Қала халқының санын анықтау формуласы.

$$m = F_{\text{кв}} \cdot \rho, \text{ адам}, \quad (1.1)$$

мұндағы $F_{\text{кв}}$ – квартал ауданы, га;

ρ - халықтың тығыздығы, адам/га, тапсырма бойынша қабылданған.

Ауданның ғимараттарының салынған жалпы ауданы (A), ауданшада тұратын адамдар саны (m) және бір адамға аудан нормасына (f) көбейтіліп анықталады. Тапсырма бойынша бір адамға аудан нормасы $f = 18 \text{ м}^2$.

$$A = m \cdot f, \text{ м}^2 \quad (1.2)$$

Қоғамдық ғимараттардың желдетілуіне максималды жылу ағыны:

$$Q_o' = q_o \cdot A \cdot (1 + K_1), \text{ Вт}, \quad (1.3)$$

мұндағы Q_o - тұрғын ғимараттарын жылытуға үлкейтілген максималды

жылу ағынының көрсеткіші, Вт/м², қабылданды

K_1 - қоғамдық ғимараттарды жылыту үшін жылу ағымды есепке алатын коэффициент 0,25.

Қоғамдық ғимараттарды желдету үшін максималды жылу ағымы

$$Q_v' = K_1 \cdot K_2 \cdot q_0 \cdot A, \text{ Вт}, \quad (1.4)$$

мұндағы K_2 - қоғамдық ғимараттарды желдету үшін максималды жылу ағымын есепке алатын коэффициент. Жаңа типті жоба 1985 жылдан кейінгі құрылыс болғандықтан $K_2 = 0,6$ қабылданылады.

Тұрғын және қоғамдық ғимараттарды ыстық сумен қамтуға орташа жылу ағымы

$$Q_{hm} = q_h \cdot m, \text{ Вт}, \quad (1.5)$$

мұндағы q_h – тұрғын үйлердің бір адамға қажетті ыстық су жүйесінің жылу ағынының орташа іріктелген көрсеткіші, Вт. ҚНЖЕ бойынша $a=85 \div 115$ л/тәулік қабылданады. Қаланың орналасуына байланысты, тұрғын үйлерде тәулікте 1 адамға берілетін ыстық су мөлшері $a=105$ л болғандықтан $q_h=376$ Вт/адам.

Жылытылмайтын маусымында ыстық сумен қамтуға орташа жылу ағымы

$$Q_{hm}^s = Q_{hm} \cdot \frac{60 - t_c^s}{60 - t_c} \cdot \beta, \text{ Вт}, \quad (1.6)$$

мұндағы 60-ыстық судың есепті температурасы, °С;

t_c, t_c^s - жылытылатын және жылытылмайтын маусымдарда суық су температурасы, тиісінше 5°С және 15°С қабылданады;

β - жылытылатын маусымына қатысты жылытылмайтын маусымында ыстық сумен қамту үшін судың орташа шығынының өзгеруін есептейтін коэффициенті, қабылданады қалаға байланысты $\beta=0,8$.

Тұрғын және қоғамдық ғимараттарды ыстық сумен қамту үшін максималды жылу ағымы.

- жылытылатын маусымында

$$Q_{\max} = 2,4 \cdot Q_{hm}, \text{ Вт}, \quad (1.7)$$

- жылытылмайтын маусымында

$$Q_{\max}^s = 2,4 \cdot Q_{hm}^s, \text{ Вт}, \quad (1.8)$$

мұндағы 2,4 – ыстық сумен қамтуға кететін жылу энергиясын тұтынуды сағаттық тепе-теңдік коэффициенті.

Жинақтық есептік жылу ағыны

$$\Sigma Q' = Q'_o + Q'_v + Q_{hm}, \text{ Вт}, \quad (1.9)$$

Жоспарланған қаланың тұрғын аудандары үшін жылу ағындарын есептеу Excel-ге байланысты ДК-де жүргізіледі және нәтиже А1 кестесіндн келтірілген.

1.3 Жылдық жылуды шығыны

Жылумен жабдықталатын аудандар үшін міндетті түрде жылдық жылу жүктемелері анықталады:

- *жылытуға;*

$$Q^{\text{жыл}}_o = 86.4 \cdot Q_{om} \cdot n_o, \text{ кДж/жыл}, \quad (1.10)$$

$$Q^{\text{жыл}}_o = 86.4 \cdot 250013 \cdot 136 = 2,5382 \text{ кДж/}$$

- *желдетуге;*

$$Q^{\text{жыл}}_v = 3,6 \cdot Z \cdot Q_{vm} \cdot n_o, \text{ кДж/жыл}, \quad (1.11)$$

$$Q^{\text{жыл}}_v = 3,6 \cdot 16 \cdot 30003 \cdot 136 = 235,031 \text{ кДж/жыл},$$

- *ыстық суға.*

$$Q^{\text{жыл}}_{hm} = 86.4 \cdot [Q_{hm} \cdot n_o + Q^s_{hm} \cdot (350 - n_o)], \text{ кДж/жыл}, \quad (1.12)$$

$$Q^{\text{жыл}}_{hm} = 86.4 \cdot [12125 \cdot 136 + 9920 \cdot (350 - 136)] = 3258,90$$

Жылытылатын маусымы кезінде орташа жылу ағымдары анықталады:

- *жылытуға*

$$Q_{om} = Q'_o \cdot \frac{t_i - t_{om}}{t_i - t'_o}, \text{ Вт}, \quad (1.13)$$

$$Q_{от} = 507.89 \cdot \frac{18 - 2.1}{18 + 14.3} = 250,013 \text{ Вт},$$

- *желдетуге*

$$Q_{vm} = Q_v' \cdot \frac{t_i - t_{om}}{t_i - t_o'}, \text{ Вт}, \quad (1.14)$$

$$Q_{vm} = 60,95 \cdot \frac{18-2,1}{18+14,3} = 30,003 \text{ Вт},$$

Жылудың жылдық жүктемелерінің қосындысы төмендегідей анықталады:

$$\Sigma Q^{\text{жыл}} = Q_0^{\text{жыл}} + Q_v^{\text{жыл}} + Q_{hm}^{\text{жыл}}, \text{ МДж/жыл}, \quad (1.15)$$

$$\Sigma Q^{\text{жыл}} = 2,5382 + 235,031 + 3258,90 = 3496,46 \text{ МДж/жыл}$$

Жылу ағындарының сыртқы ауа температурасына байланысты өзгеру нәтижелері

мұндағы t_i - жылытылған ғимараттардағы ішкі ауаның орташа температурасы, 18°C деп есептеледі;

t_{om} - жылыту кезеңіндегі сыртқы ауаның орташа температурасы. Жылыту кезеңінде орташа жылу ағынын есептеу нәтижелері.

1.1 Кесте – Жылу ағынын сыртқы ауаның температурасына байланысты өзгеруі

t	$Q_{отн}$	Q_o	Q_v	Q_{hm}	ΣQ
-14,3	1	507,89	60,95	121,25	690,09
-10	0,866	439,83	52,78		492,62
-5	0,712	313,16	37,58		350,74
0	0,557	174,43	20,93		195,36
5	0,402	70,12	8,41		78,54
8	0,309	21,67	2,60		24,27

1.2 Кесте-Жылытылатын мерзімдегі сыртқы ауаның температурасының ұзақтылық кестесі.

Сыртқы ауа температурасы	Уақыт мерзімі		
$t_n, ^\circ\text{C}$	$n, \text{сағ}$	$\Sigma n, \text{сағ}$	$\Sigma n, \text{тәулік}$
-14,3	211	211	8
-10	450	661	27
-5	853	1514	63
0	1022	2536	105
5	728	3264	136

1.4 Жылу жіберуді реттеу есебі

Жылыту жүйесінің жылу ағымдары сыртқы ауа температурасына байланысты. Сондықтан жылыту мерзімінде тасымалдағыштың құбырдағы температуралары келесі әдістермен анықталады:

Жылу желісінің беретін құбырындағы су температурасы

$$\tau_{o1} = t_i + (\tau'_{жа} - t_i) \cdot Q_o^{0.75} + (\tau'_{o1} - \tau'_{жа}) \cdot Q_o, ^\circ C, \quad (1.16)$$

Сыртқы ауаның температурасы $150^\circ C$ болған жағдайдағы жылу торабының қайтатын желісіндегі температурасы:

$$\tau_{o2} = \tau_{o1} - (\tau'_{o1} - \tau'_{o2}) \cdot Q_o, ^\circ C, \quad (1.17)$$

Элеватордан шығатын судың жылытуға беретін желісіндегі температура:

$$\tau_{cm} = \tau_{o1} - (\tau'_{o1} - \tau'_{cm}) \cdot Q_o, ^\circ C, \quad (1.18)$$

мұндағы $Q_o = \frac{t_i - t_H}{t_i - t'_o}$ – жылыту жүйесіндегі салыстыру ағындары, Вт;

τ'_{o1} – жылу желісінің беретін құбырындағы тасымалдауыштын есепті температурасы, $^\circ C$;

τ'_{o2} – жылу желісінің қайтатын құбырындағы тасымалдауыштын есепті температурасы, $^\circ C$;

τ'_{cm} – жергілікті жылыту жүйесінің беретін құбырындағы тасымалдаушының температурасы, $^\circ C$;

t_i – жылытылатын болмеге керекті ішкі ауаның температурасы;

$\tau'_{жа}$ – жылыту аспабындағы жылутасымалдағыштың орташа температурасы, $^\circ C$.

Жылыту желісінен кейін шығатын шығындарды жылу жүйесіне есептелінеді:

$$G_o = \frac{Q_o}{c(\tau'_{o1} - \tau'_{o2})}, \text{ кг/с}, \quad (19)$$

мұндағы c – судың жылу сиымдылығы $100^\circ C$ бойынша, кДж/кг $^\circ C$;

Q_o – жылу жүктемесі, Вт.

Жылу беруді реттеу деректері:

- жылытуға есепті жылу ағыны 235,197 мВт;

- жылыту жүйесінің жобалауындағы сыртқы ауа есепті температурасы минус 26 °C;
- жылу торабында беретін желісінде есепті су температурасы $\tau'_{01} = 150^{\circ}\text{C}$;
- жылыту жүйесінде беретін құбырындағы есепті температура $\tau'_{cm} = 95^{\circ}\text{C}$
- жылыту жүйесінің қайтатын құбырындағы есепті су температурасы $\tau'_{02} = 70^{\circ}\text{C}$;
- бөлменің ішкі ауа температурасы 18 °C;
- жылыту аспабындағы жылу тасымалдағыштың орташа температурасы $\tau'_{np} = 82,5^{\circ}\text{C}$;

1.3-кесте Жылытулық температуралық графигінің есебі

№	$T_n, ^{\circ}\text{C}$	$Q_o^{\text{отн}}$	$Q_o \text{ мВт}$	$\tau_{01}, ^{\circ}\text{C}$	$\tau_{02}, ^{\circ}\text{C}$	$\tau_{cm}, ^{\circ}\text{C}$	$G_o, \text{кг/с}$
1	8	0,3090	323,430	65,589	40,869	48,594	3123,356
2	5	0,4020	420,780	77,698	45,538	55,588	3123,408
3	0	0,5570	583,020	97,184	52,624	66,549	3123,402
4	-5	0,7120	745,260	116,054	59,094	76,894	3123,399
5	-10	0,8660	906,450	134,358	65,078	86,728	3123,386
6	-14,3	1,0000	1046,710	150,000	70,000	95,000	3123,389
Сынық нүктесі	11,639	0,2671	279,624	60,000	38,628	45,307	3123,389
Түзету нүктесі	4,2139	0,7347	768,986	118,774	60,000	78,367	3123,389

1.5 Жылу жүйесіндегі есепті су шығындары

Жылу желілерінің гидравликалық есебін жүргізу үшін құбыр желілері арқылы тасымалданатын желінің есептік шығындарын білу керек. Тұтыну суларының болжамды шығындары жылыту, желдету және ыстық сумен қамтамасыз ету үшін есептелген суды тұтынуды есептеу арқылы анықталады.

Жылу берудің орталықтандырылған сапасын реттейтін ашық су жылытқыш жүйесінің екі құбырлы су жылу желілерінде жылу беру кезеңінде желі суының жалпы ағыны анықталды:

$$G_d = G_o + G_v + K_3 G_{ihm}, \text{ кг/с}, \quad (1.20)$$

Егер аралас қыздыру жүктемесін және ыстық суды беруді бақылайтын болсақ, онда $K_3=0$ болады:

$$G_d^s = \beta G_{h\max}, \text{ кг/с.} \quad (1.21)$$

Жылу энергиясын қолданатын тұтынушылар үшін су шығыны анықталады:

- жылыту жүйесіне;

$$G_o = \frac{Q_o \cdot 10^3}{c(\tau'_1 - \tau'_2)}, \text{ кг/с,} \quad (1.22)$$

- желдету жүйесіне.

$$G_v = \frac{Q_v \cdot 10^3}{c(\tau'_1 - \tau'_2)}, \text{ кг/с,} \quad (1.23)$$

мұндағы Q_o — жылыту жүйесінің жылу жүктемесі, кВт;

Q_v — желдету жүйесінің жылу жүктемесі, кВт;

c — судың жылу сиымдылығы 100°C болғандағы, кДж/кг $^\circ\text{C}$;

τ'_1 — жылуды тасымалдау торабының беретін құбырындағы судың есепті температура, $^\circ\text{C}$;

τ'_2 — жылу тасымалдау торабының қайтатын құбырындағы судың есепті температура, $^\circ\text{C}$.

Жылытылмайтын мерзімдегі ыстық сумен қамтамасыз етуге ашық жылумен қамту жүйесіне арналған су шығыны:

- орташа;

$$G_{hm} = \frac{Q_{hm} \cdot \beta \cdot 10^3}{c(t_h - t_c)}, \text{ кг/с} \quad (1.24)$$

- максималды.

$$G_{h\max} = \frac{Q_{h\max} \cdot 10^3}{c(t_h - t_c)}, \text{ кг/с,} \quad (1.25)$$

мұндағы c — судың меншікті жылусыйымдылығы, қабылданады $4,19$ кДж/кг $^\circ\text{C}$;

t_h, t_c — ыстық және суық судың температуралары, $^\circ\text{C}$

β — жылытылатын мерзімге қарағанда жылытылмайтын мерзімдегі ыстық сумен қамту жүйесінің орташа жылу ағынының өзгеруін ескеретін коэффициенті, $0,8$.

Жылу желілерінде жылытылатын, жылытылмайтын және бақылау тәртіптегі су шығындарының есептеу нәтижелері А.1-кестеде келтірілген.

1.6 Жылу желілерінің гидравликалық есептері

Жылу желілерін жобалау мен пайдаланудың маңызды сатыларының бірі гидравликалық есептеу болып табылады, бұл мынадай мәселелерді шешуге мүмкіндік береді:

- түрлі гидравликалық шарттар бойынша жылу желісінің жұмыс жағдайын түсіндіру;
- жылу желілеріне жылу тұтынушыларды қосу схемасын таңдау; сорғылар мен басқа жабдықтардың сипаттамаларын анықтау;
- жылу желілерінің құнын анықтау.

Гидравликалық есептеу міндеті мыналарды қамтиды:

- тұтынушыларды қажетті жылу ағынымен қамтамасыз ету үшін құбыр өткізу қабілетін құру;
- оңтайлы құбыр диаметрін анықтау;
- қысымды жоғалтуды анықтау;
- жүйенің барлық нүктелерінде статистикалық және динамикалық режимдерде байланыс орнату.

Жылу желісінің алаңында қысым жоғалуы анықталады:

$$\Delta P = \Delta P_l + \Delta P_m, \text{Па}, \quad (1.26)$$

мұндағы ΔP_l - сызықты қысымның жоғалуы, тіке секциялардағы қысымды жоғалтуды білдіреді, Па;

ΔP_m - жергілікті кедергілерде қысым жоғалту (жылыту желісінің фитингтері мен жабдықтары), Па.

Жылу желісінің учаскесінде сызықтық қысымның жоғалуы анықталады:

$$\Delta P_l = R_l \cdot L, \text{Па}, \quad (1.27)$$

мұндағы R_l - бір құбырлы метрге, Па-ға қысымның жоғалуы;

L - құбыр бөлігінің ұзындығы, м.

Ке-Су жылу желілерін гидравликалық есептеуде абсолюттік балама кедір-қимылдың мәні $K_e = 0.0005 \text{ м}$ дейін қабылданады.

ЖЭО – ЖК1 учаскелер арасында қысымның жоғалуы есептелген:

$$\Delta P = \Delta R_l \cdot (l + (l \cdot \alpha)) = R_l \cdot l_{np}, \text{Па}, \quad (1.28)$$

мұндағы l_{np} — желі учаскесінің есептелінген ұзындығы, м.
Учаскедегі жоғалатын арын келесі өрнекпен есептелінеді:

$$\Delta H = \frac{\Delta P}{\rho \cdot g}, \text{ м}, \quad (1.29)$$

мұндағы g — судың бос құлауындағы жылдамдығы, қабылданады $9,81 \text{ м/сек}^2$;

ρ — судың тығыздығы, қабылданады 1000 кг/с .

Жылумен қамту жүйелерін жобалаудағы негізгі сатысын есептеуге су шығындарының нәтижелерін қолдана отырып, жоғалатын қысым мен арындардың нәтижелерін жылу тасымалдағыш жылдамдығын анықтаймыз.

Жылу желілеріндегі гидравликалық реттілікке тоқталу мақсаты, желі бойында орналасқан қондырғылардың қысымын тұрақтандыру мен қадағалау. Жылу тұтынушыларын сұраныс бойынша қажетті су шығындарымен қамтамасыз ету және осы шығынның үлестіріліп берілуін реттеу

2 Құрылыс жинақтау жұмыстарының технологиясы

2.1 Құрылыс объектісінің сипаттамасы

Құрылыс орны – Оңтүстік Қазақстан облысы Шымкент қаласының Абай ауданы;

Құрылыс объектісі – жылу желісінің бас магистралінің жер астымен бөлігі;

Құбырларды төсеу әдістері – құбырды жер астымен каналсыз төсеу, ұзындығы – 1092 м, диаметрі 700 мм;

Теңелткіштердің саны – 3 дана;

Тұрғылықты жерде жылу желісінің орналасқан орны – жолда.

Жолдың енінің өлшемі - 24 м, жүретін жер ені – 2 м, көгал – 6 м;

Жер астымен өтетін трасса абсолютті белгісі 451,6 м, соңында 451,5 м.

Жер топырағының типі – құмды;

Жер асты суының деңгейі – 2,7 м;

Жердің қату тереңдігі – 1 м.

2.2 Құрылыс – жинақтау жұмыстарының көлемінің тізімдемесі

Жер жұмыстарына топырақты араластыру және өңдеу жұмыстары кіреді. Жер жұмыстарының көлемін есептеу үшін, алдымен траншеялардың габариттік өлшемдерін есептеу қажет, ал теңелткіштер үшін котловандарды есептеу керек. Алынған аралық үшін каналсыз 700 мм диаметр үшін ұзын траншеяның түбі бойынша енін анықтау:

$$b=D+D'+0,95, \text{ м}, \quad (2.1)$$

$$b=0,875+0,875'+0,95=2,7 \text{ м},$$

мұндағы D , D' – беретін және қайтатын құбырлардың сыртқы диаметрі, диаметрі 700 мм құбыр үшін ППУ құбырының сыртқы диаметрі 875 мм.

Жердің қыртысын өңдеу жұмыстарын ұзын ордың енінен 10 см кең жүргізіуі керек. Ұзын ордың түбінің ені – 2,7 м, жер бетін өңдеу ені – 7,25 м болады. Жылу желісі төселінетін жер қыртысының ұзындығы – 1092 м. Өңдеу жұмыстарының ауданы:

$$S=B+0,2 \cdot L, \text{ м}^2, \quad (2.2)$$

$$S=7,45 \cdot 1092=8135,4 \text{ м}^2,$$

мұндағы B – траншеяның үстіңгі ені;

0,2- жер қабатын өңдеу кезіндегі қосылатын аралық;

L- алынған аралықтың ұзындығы.
 Жер бетінен құбырдың жоғарғы бетіне дейінгі тереңдік – 1,425 м.
 Жер қыртысынан құбырдың астына дейін тереңдігі – 2,275 м.
 Ұзын ордың үстінгі ені төмендегіше анықталады:

$$B = b + 2 \cdot m \cdot h_{\text{тра}}, \quad (2.3)$$

$$B = 2,7 + 2 \cdot 2,275 \cdot 1 = 7,25 \text{ м}$$

мұндағы $m=1$ құм үшін қолданылады 5 метрге дейін;
 b – траншеяның тереңдегі ені, м.

Ұзын ордың көлденең қимасыны ауданы жылу құбырының диаметрі бойынша анықталады:

$$F = \frac{h_{\text{opt}}(B + b)}{2}, \text{ м}^2 \quad (2.4)$$

$$F = \frac{2,275 \cdot (7,25 + 2,7)}{2} = 11,318 \text{ м}^2$$

Жылу желілерінің алынған бөлігіне жер жұмыстарының көлемі шыққан аудан бойынша оның ұзындығына көбейтіндісіне тең:

$$V = F \cdot l, \text{ м}^3, \quad (2.5)$$

$$V_{\text{тр}} = 11,318 \cdot 1092 = 12359,256 \text{ м}^3,$$

мұндағы F – ұзын ордың көлденең қимасы ауданы, м^2 ;
 l – желі құбырының ұзындығы, м.

Жер жұмыстарының жалпы көлемі $V_{\text{тр}} = 12359,256 \text{ м}^3$.

Теңелткіштің қуысы

Ор түбінің өлшемі қуыстың өлшеміне қарағанда 0,2 м үлкен деп алынады.
 Қуыстың өлшемі $4 \times 5,2$ м, онда ор түбінің өлшемі $4,2 \times 5,4$ м.

$$V_{\text{кт}} = (a \cdot b \cdot h) \cdot n, \text{ м}^3, \quad (2.6)$$

$$V_{\text{кт}} = (4,2 \cdot 5,4 \cdot 3,8) \cdot 3 = 258,5 \text{ м}^3,$$

мұндағы a, b, h – теңелткіш қуысының ені, биіктігі және ұзындығы, м;
 n – теңелткіштің саны, дана.

Жерді өңдеу жұмыстарының қолмен істеу пайызы (1.1%):

$$V_p = (V_{op} + V_{km}) \cdot 0.011, \text{ м}^3, \quad (2.7)$$

$$V_p = (12359,256 + 258,5) \cdot 0,011 = 138,7 \text{ м}^3$$

Жылу құбыры алдын ала оқшауланған ППУ құбырларының көлемдері: шартты диаметрі $d=700\text{мм}$, сыртқы диаметрі $d_1=875\text{ мм}$, ұзындығы $l=2184\text{ м}$;

$$V = 3,14 \cdot 0,875 \cdot 2184 = 6000,54 \text{ м}^3$$

Жерді өңдеу технологиялық жұмысының механикалық өңделу көлемі:

$$V_m = V_{mp} + V_{km} - V_p, \text{ м}^3, \quad (2.8)$$

$$V_m = 12359,256 + 258,5 - 138,7 = 12479,1 \text{ м}^3$$

Қалпына қайта келтіру, көму жұмысына керекті топырақтың көлемі:

$$V_3 = (V_{mp} + V_{km} - V_3) \frac{1}{K_p}, \text{ м}^3, \quad (2.9)$$

$$V_3 = (12359,256 + 258,5 - 6000,54) \cdot \frac{1}{1,045} = 6332,2 \text{ м}^3,$$

мұндағы $\frac{1}{K_p}$ – қалдық қопсыту коэффициенті.

Топырақтың сыртқа шығаратын көлемі:

$$V_{ш} = V_3 \cdot K_p, \text{ м}^3, \quad (2.10)$$

$$V_{ш} = 6332,2 \cdot 1,045 = 6617,2 \text{ м}^3,$$

мұндағы K_p – қалған топырақты қопсыту коэффициенті.

2.3 Құрылыс жинақтау жұмыстары

Жылумен қамту трассасын жүргізу барысында жұмыс орындарында жол қиылысу болған жерге уақытша өткелдер қарастырылды, берілген бөлікті жинақтау барысында бұндай өткелдердің саны 2 дана. Уақытша жүретін өткелдерінің ені жоба бойынша 4 метр болып алынды.

Екі жақты қимылдар үшін, траншея еніне екі жағынан 1 метр ала есептелінеді

$$B' = 7 + 1 + 1 = 9 \text{ м}. \quad (2.11)$$

Жалпы барлық уақытша көпіршелердің ауданы

$$S=9 \cdot 4 \cdot 2=72\text{м}^2. \quad (2.12)$$

Жүргізілетін жинақтау жұмыстардың ауқымы: $d=700$ мм $l=1092\text{м}$;

Құбырларды звеноға жинастыру.

Құбырдың диаметрі 700 мм. Бір құбыр 10 м тең. Ал бір звено үш құбырдың ұзындығымен тең, сонда $l_3 = 30$ м болады. Бір звенодағы дәнекерленетін орын саны екіге тең. Барлық звенолардың саны мынаған тең:

$$n_m = \frac{L_H}{l}, \quad (2.13)$$

$$n_T = \frac{1092 \cdot 2}{30} \approx 73$$

мұндағы L_H - жердің асты бойынша төселетін құбырдың ұзындығы.

Жылжымайтын щитті тіреулер жылу желілерінің жинақтау сұлбасы бойынша алынады – 2 дана.

Жинақтау сұлба бойынша сальникті теңелткіштер саны – 3 дана.

Алынған аралық бойынша ұзындығы 1092м , ал диаметрі 700мм бөлік үшін құрылыс жинақтау жұмыстарының тізімдемесі В кестісінде көрсетілген.

2.4 Құрылыс жұмыстарының технологиясын таңдау

Сыртқы жылу жүйелері құрылысын жаз мерзімде жұмыс жасау үшін ресурстарды тиімді тұтынатын тасқынды аралас тәсілмен жүргізіледі .

Жылу желілерінің құрылысы жалпы құрылыс жұмыстарымен (қазу, бетондау, темір-бетон жұмыстары мен жинау) бірге жүруге тиіс. Құрылымдардың құрылысын салу тәртібі:

- құбырдың түйіндері, тіреулері негізін орындау;
- коллекторларды орнату;
- құбыр түйіндерді, қозғалмайтын тіреулерді жинақтау;
- құбырлардың шетіне байланысты қарап таңдау, дайындау, түйістіру және дәнекерлеу;
- ордағы жинақтау және дәнекерлеу жұмыстары;
- жылжымайтын тіреуді орнату;
- компенсаторды жинақтау, дәнекерленген тігістерді сапасын тексеру;
- арматураны жылу түйіндерде мұқият жинақтау;
- жылу түйіндер мен арнаның жоғарғы бөлігін берік орнату;
- негізгі құрылысқа керекті машиналар жиынтығын таңдау .

Жер қазу машинасын таңдау.

Ұзын орды өңдеуге жер қазатын машина ретінде кері күрекпен жабдықталған экскаватор қабылданады, орларды өңдеу көлік құралдарына топырақты арту тұрағынан төмен деңгейде жүргізіледі.

Экскаватор маркасын таңдау жұмыс көлеміне байланысты жүргізіледі. Экскаватор түрін таңдау кезінде мынадай жұмыс нормаларын есепке ала отырып іске асырылады: жер қазу тереңдігі, топырақты төгу биіктігі, әрбір төгудің ара қашықтығы бойынша Hitachi ZX 200-3 маркалы экскаватор таңдалды.

Техникалық сипаттамасы: шынжыр табанды, шөміштің сиымдылығы 1,25 м³; төгуінің биіктігі 5,1 м; ұзын орды және орды өте үлкен қазу тереңдігі 6,7 м; машинаға төгу аралығы 7,18 м деп таңдалды.

Көлік құралдарының санын анықтау.

Көлік құралдарын үздіксіз пайдалану үшін көлік құралдары саны келесі тәртіппен анықталады:

$$n = \frac{g}{\rho \cdot V_k}, \quad (2.12)$$

$$n = \frac{14}{1.7 \cdot 1.25} = 6.58 \approx 7,$$

мұндағы g – автотүсіргінің жүк салмағы көтергіштігі (КАМАЗ-45142), т;

ρ – топырақтың тығыздығы, т/м³;

V_k – экскаватор шөмішінің көлемі, м³.

Бір сағат ішіндегі қазу саны (цикл):

$$n_c = \frac{P_g}{V_k}, \quad (2.13)$$

$$n_c = \frac{40}{1.25} = 32,$$

мұндағы P_g – экскаватордың сағаттық қазу өнімділігі, м³/сағ;

V_k – экскаватордың шөмішінің көлемі, м³.

Бір рет қазудың ұзақтығы:

$$t_c = \frac{3600}{n_c}, \text{ сек}, \quad (2.14)$$

$$t_c = \frac{3600}{32} = 113 \text{ сек},$$

Бір жүк машинасын топырақпен толтыру ұзақтығы:

$$t_n = n \cdot t_c \cdot K_T, \text{ сағ}, \quad (2.15)$$

$$t_n = 7 \cdot 113 \cdot 0,85 = 672,32 = 0,19 \text{ сағ}$$

Бір ауысымдағы камаздың сапар жасау саны:

$$N_p = \frac{2L}{V_{cp}} + t_c + t_n + t_b + t_m, \quad (2.16)$$

$$N_p = \frac{2 \cdot 4}{2} + 0,125 + 0,087 + 0,19 + 0,033 = 14.$$

Жалпы камаздың саны:

$$N_c = V_{из} \cdot \frac{\rho_{cp}}{(g \cdot N_p)}, \quad (2.17)$$

$$N_c = 45,66 \cdot \frac{1,7}{(14 \cdot 14)} \approx 2$$

Құрастыру кранын таңдалынады.

Жылу желіснің құрылысы кезінде түсіру және тиеу жұмыстарына құбырларды төсеу және конструкцияларды жинақтау жұмыстарына автомобильді құлашты кран және құбыр төсейтін кең қолданылады. Кран таңдау жүк көтергіштігі және жебе құлашымен анықталады.

Кранның талап етілген жебе құлашын анықтау:

$$L_{cmp} = \frac{b}{2} + c + d, \text{ м}, \quad (2.18)$$

$$L_{cmp} = \frac{7}{2} + 1 + 1,3 = 5,8 \text{ м},$$

мұндағы b – ұзын ордың үстіңгі бөлік ені, м;

c – кранмен ұзын ор жанына дейінгі алшақтық, м;

d – кран дөңгелектерімен бұрылатын өсіне дейінгі аралық, м.

Shantui SPY25Y типтегі кран таңдалынады, жүк көтеру қабілеті 25 тонна және жебе құлашы 5,5 м – ден 6,1 м – ге дейін.

САТ компаниясының, маркасы ДЗ-9 бульдозер қабылданады [ЕНиР] тракторының базасында қуаттылығы 132 кВт және массасы 2,54 тонна.

2.5 Құрылыстағы жұмыстар өндірісінің және жұмысшылар қозғалысының күнтізбелік графигі

Құрылыс жұмыстарының тізімдемесі бойынша ЕНиР жұмыс істеу көлемдеріне байланысты жалақылар мен калькуляциялық шығындар есептелінеді.

Қызметкерлердің қозғалу графигі бір күнде орындалатын жұмыс процестерін біріктіреді. Бір күндік жұмыс процестеріндегі жұмысшылар санына байланысты күндізгі жұмысшылардың сандарын анықтайды. Бұл графикте құрылыс жинақтау жұмыстары кезінде қызметкерлердің бір деңгейлі жұмысын қамтамасыз ету қажет .

$$K = \frac{m_{\max}}{m_{\text{opt}}} , \quad (2.19)$$

$$K = \frac{7}{5} = 1,4 ,$$

мұндағы $m_{\max}$ – қызметкерлердің максималды саны, адам;

m_{opt} – қызметкерлердің орташа саны, адам.

$$m_{\text{opt}} = \frac{\sum Q}{T_{\text{жс}}} , \text{ адам} \quad (2.20)$$

$$m_{\text{opt}} = \frac{145,3}{27} \approx 5 \text{ адам,}$$

мұндағы $\sum Q$ – еңбек өнімділігінің жалпы қосындысы, адам/күн;

$T_{\text{жс}}$ – жинақтау жұмыстарының ұзақтылығы, күн.

Жұмыстың көлеміне қарай есептелген жалақылар мен калькуляциялық шығындар В1 - В3 кестелерінде келтірілген

$$m_{opt} = \frac{145,3}{27} \approx 5 \text{ адам,}$$

мұндағы $\sum Q$ – еңбек өнімділігінің жалпы қосындысы, адам/күн;

$T_{жс}$ – жинақтау жұмыстарының ұзақтылығы, күн.

Жұмыстың көлеміне қарай есептелген жалақылар мен калкуляциялық шығындар В1 - В3 кестелерінде келтірілген

2.6 Жинақтау жұмыстарын істеу барысындағы еңбек қорғау және техника қауіпсіздік шаралары

Еңбек қорғау – әлеуметтік техникалық ғылым ретінде өндірістік қауіпті жағдайларды, кәсіптік зияндарды зерттей отырып алдын – алу шараларын қолға алады. Еңбек қорғау ғылымының негізгі мақсаты жұмысшының жұмыс өнімділігін арттыру мақсатында, қауіпсіз жағдаймен еңбек ауырлығының шамасын қадағалау.

Еңбек өнімділігі арттыру дегеніміз ол сапалы жұмыстың көлемінің артуы. Сапалы жұмысқа бейімделу дегеніміз ол адамның психикалық және физикалық түрде тыныққан болуынан туады. Құрылыстағы еңбек қорғау және техникалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету ҚР ҚНЖЕ 1.03-05-2011 бойынша қадағаланады.

Еңбек жағдайларын және қауіпсіз жұмысты жақсарту өндірістік жарақаттануларды, кәсіптік ауруларды төмендетеді. Еңбек жағдайларын жақсарту нәтижелері – қызметкерлердің денсаулығы қалыпты болады, жұмысы қанағаттандырады, еңбек өнімі артады, өндірістік және қоғамдық белсенділік жоғарылайды.

Жүргізілетін құрылыс жұмыстары:

- 2007 жылы 17 мамырда №251 бекітілген «Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі»;
- 2004 жылы 28 ақпанда №528-11 бекітілген «Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау туралы» заңына;
- 1999 жылы 10 желтоқсанда бекітілген «Қазақстан Республикасының Еңбек туралы» заңына;
- 2002 жылдың 3 сәуірде бекітілген «Қауіпті өндірістік объектілерінде өндірістік қауіпсіздік туралы» заңына;
- 1993 жылы 15 қараша айында бекітілген «Төтенше жағдайының құқықтық режимі туралы» Қазақстан Республикасының заңына сәйкес болу қажет.

3 Экономика бөлімі

3.1 Техничко – экономикалық есептемелері

Экономикалық бөлімде жылу желілері үшін жылу оқшаулағыштың ең оңтайлы материалдарының технико-экономикалық салыстырмалылық бойынша қарастырамыз. Салыстыру үшін екі жылу оқшаулағыш материалдар өолданылып, ең тиімдісі қабылданады. Есептеу үшін бас магистральдағы участок ЖК7 ден ЖК8 дейінгі аралықтағы ұзындығы 1092 м, ал диаметрі 700 мм жылу желісі алынды.

Жылу оқшаулағыш материалдардың сапасын қарастырамыз.

Бірінші нұсқа бойынша – URSA M-25 ТУ5763-002-00287697-97;

Екінші нұсқа бойынша – пенополиуретан ППУ–ЭО-100, ТУ 6-05-5127-82;

Есептеуді жүргізу үшін келесі эксплуатациялық және экономикалық көрсеткіштері қабылданады.

- жылудың бірлік бағасы $Z_m = 20,5$ мың тг/ГДж
- біржылдық жылу сыйымдылығы, есептелген жылдық нақты тиімділікпен анықталған $f + E_n = 0,15$.

3.2 Капиталды қаржыландыру есептеулері.

ЖК7 тен ЖК8 учаскесіндегі жылу оқшаулағыш қаптамасының және жылу оқшаулау материалының жылу желілерінің құрылымын нұсқалар бойынша салыстырып, олардың бағаларын анықтау.

Капиталды қаржыландыруды анықтау үшін керекті көрсеткіштер сметалық бағаларында анықталып қойған, ол жобалау материалдарында және Қазақстан Республикасының базарлық прайс-листтерінде көрсетілген.

Жылулық жылу оқшаулау және жылу оқшаулау материалының жылу қондырғыларына арналған негізгі локальды сметаларда анықталады. Капиталды салымдарды анықталғаннан кейін құрылыс орны бойынша смета құрастырылады.

3.3 Пайдалану шығындарды есептеу жұмыстары

Жылу тораптарының жыл сайынғы жұмысында жұмсалатын шығыстар пайдалану шығындар деп аталады. Жылу электр стансалары өндіретін жылудың өзіндік құнын анықтау үшін жұмыс жүргізілуде.

Шығындарды қосу нәтижесінде пайдалану шығындарды аламыз:

$$C = C_{n.m} + C_{обс} + C_{пер} + C_{трк} + C_a + C_{соц} + C_{оэ}, \text{ мың тг/жыл,} \quad (3.1)$$

мұндағы $C_{n.m}$ – жылу торабындағы жылу жоғалу бағасы, мың тг/жыл;

$C_{обс}$ - жылу торабын бақылауға арналған шығыны, мың тг/жыл;
 $C_{пер}$ – жылу тасушыны таратуға керекті электроэнергия бағасы,
 мың тг/жыл;
 $C_{трк}$ – бір қалыпта түзету, ретпен түзетулерге кететін шығындар,
 мың тг/жыл;
 C_a – амортизациялық шығындар, мың тг/жыл;
 $C_{соц}$ – әлеуметтік салық шығыны, мың тг/жыл.
 $C_{оэ}$ – қосалқы пайдаланулық шығындар, мың тг/жыл.

$$C_{nm}=0,05 (C_{кт} + C_{мс}) \text{ мың тг/жыл,} \quad (3.2)$$

мұндағы $C_{мс}$ -жылдық жылу жоғалудың нақты бағасы.
 $C_{кт}$ – отынға керекті шығындар, мың тг/жыл;

$$C_{кт} = \frac{\sum Q_{жыл} \cdot 1,2}{29,4 \cdot \eta} \cdot S_m, \text{ мың тг/жы} \quad (3.3)$$

$$C_{кт} = \frac{3496,46 \cdot 1,2 \cdot 30}{29,4 \cdot 0,6} = 7135 \text{ мың тг/жыл,}$$

мұндағы S_m – 1000 м³ үшін табиғи газдың құны 30 мың теңге;
 $\sum Q_{жыл}$ – жылдық жылу жүктемесі 3494,46, ГДж/жыл;
 η – жылу электр орталығының пайдалы әсер коэффициенті.

Жылу желісінің жылдық жылу жоғалудың нақты бағасын төмендегі формула арқылы анықтап аламыз:

$$C_{т.с}=Z_m q h 10^{-6} l, \quad (3.4)$$

мұндағы Z_m – жылытудың бірлік бағасы, 20,5 мың.тг/ГДж;
 q – оқшаулағыштан жылу жоғалу, Вт;
 h – жылу жүйесінің жылдық жұмыс істеу сағаты, 8400 сағ/жыл;
 l – учаске ұзындығы, 1092 м.

Бірінші нұсқа бойынша

$$C_{т.с}=20,5 \cdot 129,41 \cdot 8400 \cdot 10^{-6} \cdot 1092=2433,4 \text{ мың тг/жыл.}$$

Жылу желілеріндегі жылу жоғалу құны:

$$C_{nm}=0,05 \cdot (2324+ 15821) =907,25 \text{ мың тг/жыл.}$$

Жылу тасымалдағышты таратуға қажетті энергия:

$$C_{пер} = D_{пер} \cdot h \cdot S_{э}, \quad (3.5)$$

$$C_{пер} = 178,31 \cdot 8400 \cdot 24,32 \cdot 10^{-3} = 36426 \text{ мың тт/жыл},$$

мұндағы h – сораптың бір жылдағы қызмет қылу уақыты, сағ/жыл;

$D_{пер}$ – электр тогын пайдалану қуаты, кВт/сағ;

$S_{э}$ – электр энергия құны, 24,32 тт/кВт.

$$D_{пер} = \frac{G_s \cdot H}{367 \cdot \eta}, \text{ кВт/сағ}, \quad (3.6)$$

$$D_{пер} = \frac{527,378 \cdot 99}{367 \cdot 0,8} = 178,31 \text{ кВт/сағ},$$

мұндағы H – жылу желідегі арын, м;

G_s – бір сағаттағы айналушы жылу тасымалдағыш, т/сағ;

η – сорғының ПӘК-і.

Жылу торобын бақылауға арналған шығыны:

$$C_{обс} = 0,04 \cdot K_{тен}, \text{ мың тт/жыл}, \quad (3.7)$$

мұндағы $K_{тен}$ – жылу желісінің сметалық құны, мың теңге.

Бірінші нұсқа;

